



Бекітемін:  
жеке балабақшасы  
менгерушісі  
А.А.Бергеналиева

**2024-2025 оқу жылына арналған  
балабақша педагогтарымен өткізілетін  
әдістемелік кеңесінің отырысы**

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты
1	<p><b>Тақырыбы:</b> «Сапалы білім мен тәрбиенің негізі – тиімді жоспарлау»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын айқындау.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.</li> <li>2. Педагогтердің құжаттарын талапқа сай жүргізу (перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг).</li> <li>3. Педагогтердің кәсіби даму жоспары және өзіндік білім жетілдіру жұмыстары.</li> <li>4. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету.</li> <li>5. Балалардың жаңа ортаға бейімделу кезеңін ұйымдастыру.</li> <li>6. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту.</li> <li>7. Ағымдағы мәселелер.</li> </ol>	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер
2	<p><b>Тақырыбы:</b> «Заманауи педагогтің кәсіби құзыреттілігі және инновациялық тәжірибесі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тиімді тәжірибелерді тарату.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.</li> <li>2. Педагогтердің шығармашылық және зерттеу жұмыстарының нәтижелері.</li> <li>3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану.</li> <li>4. Тәрбиешілердің өзара тәжірибе алмасуы.</li> <li>5. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігі.</li> </ol>	Желтоқсан	Хаттама	Әдіскер, тәрбиешілер
3	<p><b>Тақырыбы:</b> «Ұлттық құндылықтар негізінде бала тұлғасын қалыптастыру»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұлттық тәрбие арқылы балалардың танымдық, рухани және әлеуметтік дамуын жетілдіру.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді оқу-тәрбие процесіне енгізу тәжірибесі.</li> <li>2. Балалардың I жартыжылдықтағы даму мониторингінің қорытындысы.</li> <li>3. Тіл дамыту және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары.</li> <li>4. Педагогтердің әдістемелік қызметіне талдау жасау.</li> </ol>	Сәуір	Хаттама	Әдіскер, тәрбиешілер

**«Аманат» жеке балабақшасы**  
**№1 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 12 қыркүйек 2024 жыл

**Қатысқандар саны:** 7

**Қатыспағаны:** жоқ

**Төрайымы:** А.А.Бергеналиева

**Хатшы:** А.М.Калиева

**Тақырыбы:** «Сапалы білім мен тәрбиенің негізі – тиімді жоспарлау»

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.
2. Педагогтердің құжаттарын талапқа сай жүргізу (*перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг*).
3. Педагогтердің кәсіби даму жоспары және өзіндік білім жетілдіру жұмыстары.
4. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету.
5. Балалардың жаңа ортаға бейімделу кезеңін ұйымдастыру.
6. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту.
7. Ағымдағы мәселелер.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.А.Бергеналиева сөз алып, 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының басым бағыттарымен таныстырды. Жылдық жоспардағы міндеттерді сапалы орындау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру қызметінің сапасын арттыру мәселелеріне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.М.Калиева педагогтердің құжаттарын жүргізу тәртібі туралы баяндама жасады. Перспективалық жоспар, циклограмма, балалардың даму мониторингі мен басқа да құжаттардың талапқа сәйкес толтырылуы түсіндірілді. Құжаттарды уақытылы тапсыру және жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің кәсіби даму жоспары қаралды. Әр педагогтың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бекітіліп, жыл бойына жүргізілетін жұмыстардың бағыттары нақтыланды.

Төртінші мәселе бойынша жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жұмыстары талқыланды. Тәлімгерлер бекітіліп, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу кестесі жасақталды.

Бесінші мәселе бойынша жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңі қаралды. Педагогтер балалардың психологиялық жай-күйін бақылау, ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттігін атап өтті.

Алтыншы мәселе бойынша ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері талқыланды. Ашық есік күндері, кеңестер, сауалнамалар және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланды.

Жетінші мәселе бойынша ағымдағы жұмыстар мен алдағы іс-шараларға дайындық мәселелері қарастырылды.

### **СӨЙЛЕДІ:**

А.Б.Пазыл құжаттарды жүргізуде бірізділікті сақтау қажеттігін айтты.

А.М.Калиева ата-аналармен жұмысты заманауи форматта ұйымдастырудың тиімділігіне тоқталды.

Н.С.Қисметова жаңа тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңінде ойын технологияларын қолданудың маңыздылығын атап өтті.

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Педагогтердің барлық құжаттары талапқа сәйкес жүргізіліп, уақытылы тапсырылсын.
3. Өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бекітіліп, жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.
4. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
5. Балалардың бейімделу кезеңі бақылауға алынып, қорытындысы әдістемелік кенесте қаралсын.
6. Ата-аналармен серіктестік жұмыстарының тиімді түрлері тұрақты жүргізілсін.
7. Қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.М.Калиеваға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: *А.А. Бергеналиева*

Хатшы: *А.М. Калиева*



**«Аманат» жеке балабақшасы**  
**№2 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 20 желтоқсан 2024 жыл

**Қатысқандар саны:** 7

**Қатыспағаны:** 0

**Төрайымы:** А.А.Бергеналиева

**Хатшы:** А.М.Калиева

**Тақырыбы:** «Заманауи педагогтің кәсіби құзыреттілігі және инновациялық тәжірибесі»

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің шығармашылық және зерттеу жұмыстарының нәтижелері.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану.
4. Тәрбиешілердің өзара тәжірибе алмасуы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.М.Калиева өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат берді. Белгіленген іс-шаралардың уақытылы орындалғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша педагогтер өздерінің шығармашылық тақырыптары бойынша жүргізген жұмыстарын таныстырды. Тәрбиешілер балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді ортаға салды.

Үшінші мәселе бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар қарастырылды. Педагогтер ойын технологиялары, зерттеу әдістері және цифрлық ресурстарды пайдалану тәжірибелерімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша өзара тәжірибе алмасудың нәтижелері талқыланды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырудағы маңызы атап өтілді.

Бесінші мәселе бойынша ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды. Ата-аналардың бөбекжай өміріне қатысу белсенділігі мен кері байланыс нәтижелері қарастырылды.

**СӨЙЛЕДІ:**

А.М.Калиева инновациялық әдістерді қолданудың балалардың қызығушылығын арттырудағы тиімділігін атап өтті.

А.С.Жумашева тәжірибе алмасу алаңдарының кәсіби даму үшін маңыздылығына тоқталды.

Ш.Ө.Нұршалиева ата-аналармен жұмыста заманауи байланыс құралдарын пайдаланудың оң нәтижелерін баяндады.

### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтердің шығармашылық және зерттеу жұмыстары жалғастырылсын.
3. Инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жұмыстары жетілдірілсін.
4. Өзара тәжірибе алмасу және ашық іс-әрекеттер тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Ата-аналармен серіктестік жұмыстардың тиімді түрлері кеңінен қолданылсын.

Төрайымы *А.А.Бергеналиева*

Хатшысы *А.М.Калиева*



**«Аманат» жеке балабақшасы**  
**№3 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 16 сәуір 2025 жыл

**Қатысқандар саны:** 6

**Қатыспағаны:** 1

**Төрайымы:** А.А.Бергеналиева

**Хатшы:** А.М.Калиева

**Тақырыбы:** «Ұлттық құндылықтар негізінде бала тұлғасын қалыптастыру»

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді оқу-тәрбие процесіне енгізу тәжірибесі.
2. Балалардың I жартыжылдықтағы даму мониторингінің қорытындысы.
3. Тіл дамыту және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары.
4. Педагогтердің әдістемелік қызметіне талдау жасау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.М.Калиева ұлттық құндылықтарды дәріптеу және ұлттық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие жұмысына енгізудің маңыздылығы туралы баяндама жасады. Педагогтер ұлттық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастыру жолдарын талқылады.

Екінші мәселе бойынша I жартыжылдықтағы мониторинг нәтижелері ұсынылды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық дағдыларының даму көрсеткіштері сараланды.

Үшінші мәселе бойынша тіл дамыту жұмыстарының нәтижелері қарастырылды. Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды.

Төртінші мәселе бойынша педагогтердің әдістемелік қызметінің тиімділігі бағаланды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, семинарлар мен байқауларға қатысу нәтижелері қарастырылды.

**СӨЙЛЕДІ:**

М.С.Ниязова ұлттық ойындардың балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлін атап өтті.

А.Б.Пазыл тіл дамыту жұмыстары барысында көрнекіліктер мен дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі туралы айтты.

А.М.Төлеуқұлова балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ұлттық тәрбиенің маңызына тоқталды.

